

"Жер салығының базалық салық ставкаларын түзету туралы" Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 23-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 34-4 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 мамырда N 3241 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2018 жылғы 5 ақпандағы № 19-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 05.02.2018 № 19-3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы Заңының 1-бабы 3-тармағына 107) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Жер салығының базалық салық ставкаларын түзету туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы аудан мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 23-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 30 сәуірде № 2706 тіркелген, аудандық "Есіл өңірі" газетінде 2014 жылғы 19 мамырда, "Новости Приишимья" газетінде 2014 жылдың 9 мамырында жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексы) Кодексының 387-бабы 1, 1-1 тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның мәслихаты **ШЕШТІ:**";

шешімінің 1 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Автотұрақтар (паркингтер), автомобильдерге жанармай құю станцияларына берілген (бөлінген) және казино оранласқан жерлерді есептемегенде, "Салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі - Кодекс) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы 379, 381, 383 баптарымен белгіленген жер салығының

базалық ставкалары елу пайызға өсірілсін.

Кодекстің 378-бабымен белгіленген, жер салығының мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер он есеге жоғарылатылсын".

2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі, шешімнің 1 тармағының екінші бөлімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының
XXXIV сессиясының төрағасы*

Қ. Бижанов

*Солтүстік Қазақстан облысы
Ғабит Мүсірепов атындағы
ауданы мәслихатының хатшысы*

Б. Ысқақова

*"КЕЛІСІЛДІ"
"Қазақстан Республикасы
қаржы Министрлігі
Мемлекеттік кірістер Комитеті
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша Мемлекеттік кірістер
Департаментінің Ғабит Мүсірепов
атындағы аудан бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің
басшысы
2015 жылғы 27 наурыз*

М. Ағажанов